



№33 (10023)
27 сәуір,
сенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық ағымдмзі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Таза Қазақстан



Акцияға аймақ жұрты атсалысты

Елімізде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы өтіп жатыр. Облыстағы қоғамдық ұйымдар мен білім саласының өкілдері де «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына қатысып, белсенділік танытуда. Бес апта бойы өтетін экологиялық апталықтың өзіндік мәні мен мазмұнын айшықтайтын арнайы тақырыптар бекітілген.

Экологиялық акцияның үшінші аптасы «Жасыл аймақ» тақырыбына бағытталды. Осыған орай кеше аймақтағы білім саласының қызметкерлері қаладағы Б.Шөкенов атындағы саябақта ағаштардың діңгегін өкпеп, сол аумақты қоқыстан тазартты.

Одан бөлек білім саласының қызметкерлері экологиялық акцияда түрлі іс-шараларды өткізіп, ерекше белсенділік танытты. Атап айтқанда, саябақ аумағында «Караоке баттл», «Бауырсақ party» ұйымдастырылып, түрлі бейнедегі аниматорлар тұрғындарға өнер көрсетті. Аталған экоакцияға «Амалат» партиясы облыстық филиалының қызметкерлері, білім саласының өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері қатысып, тазалық жұмыстары мен ағаш отырғызуға үлес қосты.

Айта кетейік, «Жасыл аймақ» экологиялық апталығы аясында қала және барлық аудандарда ағаш көшеттері отырғызылып, тазалық жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының «Жасыл аймақ» апталығына орай аудандағы «Рәміздер аллеясында» да тал егу жұмыстары жүргізіліп, санитарлық тазартуға тұрғындар да үлес қосты. Сонымен қатар аяқ су арналары тазартылып, талдар өктелді. Акцияға ауданнан 60 адам қатысқан.

74 рұқсатсыз қоқыс орны жойылған

Өңірде заңсыз қоқыс алаңдарымен күресуде ауқамды жұмыс атқарылууда. Мәселен, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен «Қазақстан Ғарыш Сапары» АҚ арасында қалдықтар орналасқан жерлерді қашықтан зондтаудың ғарыштық түсірілім қызметін көрсету бойынша келісім-шарт жасалған. 2018 жылдан бастап қала маңындағы 50 шақырым белдеуде орналасқан бей-берекет қалдықтар орындарын жою көзделген.

Былтыр «Қазақстан Ғарыш сапары» АҚ-мен жүзеге асырылған ғарыштық мониторинг нәтижесінде 74 рұқсатсыз қалдық орны анықталып, облыста республикада алғашқылардың бірі болып қысқа мерзімде анықталған қалдық орындары департаменттің жергілікті атқарушы органдармен бірлесе атқарған іс-шаралары нәтижесімен 100 пайызға жойылды.

Департаменттің заңсыз қалдық орындарын болдырмау жөніндегі жұмыстарының нәтижесінде рұқсатсыз тасталған қалдықтардың орындары жыл сайын азаюда. Атап айтқанда, 2018 жылы 240, 2019 жылы 228, 2020 жылы 136, 2021 жылы 105, 2022 жылы 99 орын анықталса, былтыр 74 рұқсатсыз қалдық орны анықталған.

Бұл көрсеткіш жылдан-жылға азайып келе жатыр, халық арасында үйреншікті мұндай алаңдарға қоқыс тастау тыйылмай тұр. Бүгінде облыс стихиялық қалдық орындарын жою жөнінде атқарылған шаралар бойынша алғашқы орында.

Сонымен қатар маңызды атап өтетін жайт, стихиялық қалдықтар орындарын жоюдан бөлек, бірінші ретте заңсыз қалдық орындарының түзілуін болдырмауға бағытталған іс-шараларды жүйелі түрде жүзеге асыру маңызды. Келер жылғы Геопортал жүйесінде жаңартулар мен өзгерістер енгізілген жоқ. Дегенмен қала аумағында заңсыз қалдық орындарын анықтау мақсатында тұрақты түрде рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Нәтижесінде қалдықтардан тазарту, бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіру бойынша тиісті шараларды атқару жөнінде мәселе қойылып, жергілікті атқарушы органдар тарапынан жедел түрде қалдық орындары тазартылып келеді.

«ЖЖ» ақпарат

Егінжай – 2024

Диқандар дән сепкен күн



Бейсенбіде Бұқарбай батыр ауылдық округіндегі «Байтабын» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде дән себу рәсімі өтті. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов қасиетті Жер-Анадан ризық-несібесін терген диқандарды көктемгі науқанның басталуымен құттықтап, дала еңбеккерлерінің жұмысына сәттілік тіледі.

Еңбек адамы

Дала дарабозы

Дән себілгенше егістік алқаптың бірнеше мәрте өңдеуден өткені алыстан байқалады. Себебі әдетте жай сүдігер жүрген жер тоң-тоң болып, кедір-бұдыры көзге анық білінетін. Ал бұл атыз бетінде түйір тас жоқ, үстінен лазермен тегістеп өткені көрініп-ақ тұр. Қос трактор екі атыздың ортасында, артындағы тіркеме толы тұқым. Бақсақ, «Сөрке батыр» ЖШС біз барған күні дән себуді бастап жатыр екен.

Дала дарабоздары дамып таппай еңбек етіп жатыр, олай болатындай жөні бар. Себебі еңбек ұжымының алға қойған мақсаты айқын. Әлбетте күзде қырман астыққа толуы үшін ерте көктемнен олар осындай қызу жұмысқа кіріседі.

Әлгі техникалардың бірі келесі атызды бетке алды да, енді бірі тұқым толы жүк көлігіне жөнелді. Тіркемені жанап жүріп аялдағаны сол еді, қап-қап қара күрішті әлгі жігіттер тұқымсепкішке қотара берді. Трактордың тоқтап тұрғанын пайдаланып, біз де механизаторды өңімізге тарттық.

көлік тізгіндеуге қызығушылығы басым ағамыз кейін механик болып ауысады. Техниканың тілін білген дала дарабозы уақыт өте майталман механизаторға айналған.

— Еңбек жолым осы шаруашылықта басталды, әлі де жұмыс жасап келемін. Айлығың уақытылы беріліп, еңбегің өленіп жатса, жұмыс та қарқынды жүреді ғой. «Ақорда капиталдың» бізге инвестор болып келе жатқанына көп уақыт болды. 15 жылдан бері бізде жалақыдан ешқандай мәселе болған жоқ, тіпті еңбек өнімділігіне қарай қосымша сыйақы да тағайындап жатыр.



Көдірхан Ахановтың бұл серіктестікте үздіксіз жұмыс жасап келе жатқанына биыл — 35 жыл. Бастапқыда күріш өккен диқанның әріптестері сол жылдары-ақ Сыр салысынан мол өнім алғанын айтады. Бірақ бала күнінен

Мұның өзі біз секілді ауыл еңбеккерлеріне үлкен шабыт қой, — дейді Көдірхан ағамыз.

Серіктестікке жаңа техника келсе, соның бірі міндетті түрде кейіпкерімізге беріледі екен. Бұл да басшылық



құрамның дала дарабозына сенімін аңғартса керек. Мәселен, Көдірхан Аханов шаруашылықта механизатор болғалы 4 жаңа трактор тізгіндеген. Астындағы көлігін осыдан 5 жыл бұрын мінгіпті. Содан бері сыр бермеген. Ақсулық азамат 2 күн қатарынан айдалған жерге тыңайтқыш сепкендерін айтады. Бүгіннен бастап дайын алқаққа дән тастап жатыр. Әлгі атыздағы әріптесі екеуі күніне 110 гектар алқаққа тұқым себеді. Алдарында тағы қос техника жер жыртып барады. Бұл жер тегістеліп, бірнеше өңдеуден өтеді. Соңынан тіркеме толы тұқыммен бұлар да ілесе жүріп келеді.

Былтыр шаруашылық күзгі науқанды толайым табыспен қорытындылаған. Ауызбіршілікпен іс қылған еңбек ұжымы маусымында аяқ су мәселесін шешудің де амалын тапқан.

Бригадирлер әр диқанның алқабын суаруда кезектестіруге жіті мән береді. Соның арқасында маусымында егін толық суға бастырылып, күріштікте күрмек қауламаған. Мұндағы диқандар нәтижелі еңбектің арқасында былтыр әр гектардан 60 центнерден өнім жиды.

Биыл да меже жоғары, әлбетте оған қол жеткізу үшін жұмыс қарқыны бәсеңдемеуі керек. Бұл жауапкершілікті дала дарабоздарының айқын сезінетінін алқап басындағы ширақ қимылынан анық байқадық.

Айтпақшы, кейіпкеріміз еңбек өнімділігі жағынан әріптестеріне үлгі болуда. Жұмысына мығым механизатор былтыр сабантойда нәтижелі еңбектің арқасында темір тұлпар тақымдаған. Дәл осы қарқыны бәсеңдемесе, биыл

— Аудан диқандары ауыл шаруашылығы саласы бойынша жыл сайын толайым табысқа қол жеткізіп, өңір қазынасының ұлғаюына айтарлықтай үлес қосуда. «Күріштің Қостанайы» атанған жалағаштық диқандар былтыр да межелі өнімге қол жеткізді. Күміс дөнін күнге сүйдіріп, ырзығын ысырапсыз жинап алған бейнеткер қауым ел ризығын молайту жолында аянып қалмады. Мұның бәрі, аудан еңбеккерлерінің ынтымақ-бірлігінің жемісі екенін айта кеткен дұрыс. Өңір қазынасын еселеуде ауыл еңбеккерлерінің өзіндік үлесі барын мен үнемі айтып келемін. Биыл да қамбаларыңыз астыққа толсын. Күріштен тау тұрғызған даңғайыр диқандардың ізбасарларына сәттілік тілеймін. Қазір аяқ су мәселесі жыл сайын күрделеніп жатқанын жақсы білесіздер. Осы ретте егінді әртараптандыру мәселенің алдын алудың тиімді тетігі екенін де егішті қауым жақсы біледі. Бұл шаруашылық осы жұмыстарға ерекше мән берген. Осы бағыттағы жұмыстарға басқа да шаруашылықтар назар аудару керек, — деді Ардақ Әбдіғапарұлы.

Айта кетейік, ауданда биыл 36 565 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспарланған. Жергілікті шаруашылықтардың 199-ы егінмен айналысса, оның ішінде күріш дақылын орналастыратын шаруашылықтар саны — 152. Ардақ Ибраимов айтқан су тапшылығын ескере отырып, күріш дақылының көлемі биыл 1300 гектарға қысқартылған. Алайда суды аз қажет ететін ауыл шаруашылығы дақылдарына басымдық берілген.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Брифинг

16 адамды кене шаққан

Ауданда жыл басынан бері 16 адамды кене шағып, медициналық көмекке жүгінген. Мұндай жағдай Жалағаш кенті мен Есет батыр, Мырзабай ахуң, Таң, Ақсу елді мекендерінен тіркелген. Дәрігерлер кене шаққан адамдарды 14 күнге медициналық бақылауға алған. Бұл туралы ауданның бас санитары Гүлзираш Айымбетова БАҚ өкілдерімен өткен брифингте мәлімдеді.

Аймақта дерттен 1 адам көз жұмған

Спикер аймақта жыл басынан бері 2 Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруы анықталғанын айтады. Адам шығыны да жоқ емес, осыған дейін тіркелген науқастардың бірі көз жұмған. Есепке алынған Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының екеуі де Шиелі ауданынан анықталып отыр.

— Аудан көлемінде «Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі жұмыстың құру және жоспарды бекіту туралы» аудан әкімінің өкіміне өзгеріс енгізу туралы №117 өкімі шықты. Сонымен қатар Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу жөнінде арнайы жұмысшы топ құрылды. Кенеге қарсы өңдеу жұмысы 6 мамырда басталып, 18 мамырда аяқталады. Көктемгі кенеге қарсы өңдеу жұмысының сапалы болуы елді мекеннің, мал қоралардың, санитарлық қорғау аймақтарының құл-қоқыстан, қилардан тазартылуы аса маңызды, — дейді ол.

Айта кетейік, жыл басынан бері ауданда 1280 кене Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының вирусын жұқтыруға қатысты зерттелген. Жиналған кенелердің ішінде Далдабай елді мекенінен оң нәтиже анықталып отыр.

Гүлзираш Айымбетова осыған дейін аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мен медицина қызметкерлері арасында өзін-өзі қорғау шаралары бойынша оқыту, семинар-тренинг, жаттығу сабақтары өткізілгенін айтады. Халық арасында КҚГҚ ауруының алдын алуы бойынша дәріс оқылып, 135 тұрғымен кездесу өткен. Сонымен қатар ауданда адамдар көп шоғырланатын жерлерде



41 санбиоллетень шығарылып, кең санитарлық-ағарту, насихаттау жұмыстары атқарылса, 3 410 парақша мен 3 312 ұнпарақ таратылған.

— Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы — маусымдық ағыммен ерекшеленетін табиғи-шоқтық ауру. Аурудың өршуі мамырдан тамызға дейінгі кезеңде тіркеледі. 80 пайыз жағдайда диагноз 20 жастан 60 жасқа дейінгі адамдарда расталады. Табиғаттағы КГЛ негізгі тасымалдаушылары мен көздері әртүрлі кеміргіштер, үй және жабайы жануарлар, сондай-ақ вирусты өмір бойы сақтап, оны ұрпақтарына тарататын кенелер болып табылады. Ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін адамдарда бұл ауру көп кездеседі, — дейді ол.

Деректерге сүйенсек, бұл аурудың қоздырғышын 1945 жылы Кеңес ғалымы М.Чумаков еріптестерімен бірге ашып, «Қырым геморрагиялық безгегі» деп атаған. Алайда тек 1970 жылы Конго безгегі ашылғаннан кейін және Қырым геморрагиялық қызбасы мен Конго безгегін тудыратын қоздырғыштардың жеке басын куәландыратын дәлелдер алынған. Мұнан кейін осы инфекциямен айналысатын ғалымдар геморрагиялық қызба қоздырғышының атауы туралы ортақ пікірге келген.

Вирус қалай жұғады?

Спикер көбінесе адам вирус жұқ-

тырған кене шаққанда, вирус ағзаға тері арқылы енгенде жұғатынын айтады. Сондай-ақ адам кенелерді жаншығанда, вирус денеге микрожарықтар мен терідегі жаралар арқылы енген кезде де жұғуы бек мүмкін. Себебі адамның КҚГЛ вирусына табиғи бейімділігі жоғары екен.

Ауру белгілерін қалай білуге болады?

Ауданның бас санитары Қырым геморрагиялық қызбасының алғашқы белгілері кенеттен пайда болатынын айтады. Ауру температураның 40 градусқа дейін көтерілуінен басталады. Күшті безгектің аясында науқастар бүкіл денеде әлсіздік пен ауырсынуды сезінеді. Бет, мойын, жоғарғы кеуде қуысының гиперемиясы, склера тамырларының және конъюнктиваның инъекциясы төн. Егер науқас емделмесе, соңы өліммен аяқталуы мүмкін. Дерт жұқтырған адамдар көбіне инфекциялық уытты шок, өкпе қабынуы, қайталама бактериялық асқынулардан көз жұмады.

Дерттің алдын алуға бола ма?

Спикер алдын алудың жолы кене шаққанға дейін әрекет ету дейді. — Алаңды өңдегеннен кейін ғана лагерь құру керек, шөпке отыруға,

жатуға болмайды. Саябаққа, саяжайға барған кезде жабық киім киген жөн, шалбар етікке тығылуы керек және міндетті түрде өзіңізбен бірге бас киімді алыңыз, шашыңызды баскиімнің немесе орамалдың астына жинаңыз. Арнайы аэрозоль және спрей репелленттерін пайдаланыңыз, оларды 3 сағат сайын қайталап жағып тұру керек. Орманда, шөпті өсімдіктері бар жерлерде жүрген кезде әр 10-15 минут сайын өзін-өзі тексеруді, үстіңізді тексеруді қаперден шығармаңыз. Ашық демалыстан кейін киімдерді шешкенде денені, шаш пен киімді кенелердің, әсіресе бас терісін, қолтық астың, құлақтың артындағы жерлерді жабысып қалатын кенелердің бар-жоғын мұқият тексеріңіз. Киімді желдетіңіз, белмеге бірден гүлдерді, желтақтарды, аңшылық олжаларды өкелмеңіз. Бекітілген, жабысқан кенелерді анықтау және жою үшін үй иттерін және басқа үй жануарларын тексеріңіз, — дейді ол.

Иә, кененің шағуы аса қауіпті инфекцияның даму мүмкіндігімен қауіпті. Оған қоса табиғи ошақтардағы кенелер кене энцефалиттің қоздырғыштарын тасымалдауы мүмкін. Жоғарыда маман айтқан қорғану ережелерін сақтау, дереу медициналық көмекке жүгіну дерттің алдын алмақ. Бүгінгі спикердің сөзінен түйгеніміз осы болды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Диқандар дән сепкен күн

Көктемгі тіршілікте ауыл шаруашылығы техникалары шешуші рөл атқаратыны белгілі. Осы ретте техникалар паркін жаңарту мақсатында биыл 316 млн теңгеге 6 техника сатып алынған. «Байтабын» ЖШС да — аудандағы техникасы жарақты шаруашылықтардың бірі. Биыл елден бұрын дән себу рәсімін бастауына да осы мәселені түбегейлі шешіп алуы сеп болса керек. Өйткені дала жұмыстарында еңбек өнімділігі маңызды рөл атқаратыны айтпаса да түсінікті.

Ауданда мұнан бөлек суды үнемді пайдалану үшін тамшылатып суару әдістерін қолдану аясын кеңейтуге басымдық берілуде. Аудан шаруашылықтары жыл сайын егін орналастыруға 20 мың гектар жерді лазерлік жер тегістегішпен тегістеп отырады. Бұл жұмыстар да өз кезегінде, суды үнемдеуде нәтижесін беруде.

«Байтабын» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жылда межелі өнімге қол жеткізіп, нәтижелі жұмыстың жемісін көріп келеді. Шаруашылықтың диқандары былтыр 1 202 гектарға күріш егіп, әр гектардан 56,4 центнер өнім алса, биыл 1 175 гектарға күріш егу жоспарланып отыр. Бұл шаруашылық та көріп отырғандарыңыздай, күріштік көлемін қысқартқан. Серіктестік тек күріш егіп қана қоймай, мақсары, жаңа жоңышқа, ескі жоңышқа да өндіріп келеді. Атап айтқанда, биыл 76 гектар мақсары, 228 гектар жаңа жоңышқа орналастырып, 543 гектар ескі жоңышқаны күтімге алған.

Қазіргі таңда, серіктестікте 135 адам жұмыс жасайды. Қырман іске қосылғанда 180 адам жұмыспен қамтылады.

— Бүгін салтанатты түрде дән себу рәсімін бастап отырмыз. Бұйырса, тұқым себу жұмыстарын 10 мамырға дейін аяқтау жоспарда бар. Еңбеккерлердің төменгі жалақысы 200 мың теңге болатын. Кеше тағы да олардың жалақысын көтердік. Өртараптандыруға да ерекше мән беріп келеміз. Ақелісті уақытында аяқтадық. Ауыл тұрғындарына да жыл сайын бақшалық жер ашып береміз. Биыл да ол жұмыстар жалғасын табады. Биыл да 20 гектар бақшалық жер ашамыз. Ауылдың көркейіп-көгалдануына да ерекше мән беріп келеміз. Осыған дейін серіктестік демеушілігімен ауылда ойын алаңы, спорт көшені салынды. Көшелерді жарықтандыруға да ерекше мән беріп келеміз. Мұнан бөлек ауылда ұлттық спортты дамыту мақсатында атшабар дайындадық. Бұл қазір тек ауылдың ғана емес, ауданның ұлттық спортының дамуына айтарлықтай сеп болуда, — дейді төраға Болат Ділдібеков.

Дән себу рәсімінде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Салық Әлиев және Қазақстанның Еңбек Ері, «Алтын жұлдыз» бен «Отан» орденінің иегері, Таң «ЛТД» ЖШС төрағасы Имамзада Шағыртаев та еңбеккерлерге сөттілік тілеп, аталған шаруашылықтың бұған дейін атқарған жұмыстарына ерекше тоқталды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Баға бақылауда болуы тиіс

Ауданда азық-түлік бағаларының ретсіз қымбаттамауы үшін қадағалау шаралары жиі ұйымдастырылуда. Апта басында аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімімен кент орталығындағы кәсіпкерлік субъектілеріне әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны негізсіз өсірудің жауапкершілігі баяндалған жадынамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Атап айтқанда, «Сауда қызметін реттеу туралы» ҚР Заңына сәйкес ішкі сауда субъектілері белшек саудадағы басқа азық-түлік тауарларын қоспағанда, осы Заңның 9-бабына сәйкес азық-түлік өндірушіден немесе көтерме сауда жеткізушісінен сатып алынған әлеуметтік маңызы бар 19 азық-түлік тауар бағасына 15 пайыздан артық емес үстеме бағаны белгілеп, белшек сауда арқылы сату жүзеге асырылуы қажет.

Заңнамада белгіленген сауда үстемесінің мөлшерін арттыруы ескерту жасауға алып келеді. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанса, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне 10, орта кәсіпкерлік субъектілеріне 75, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 300 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

«ЖЖ» ақпарат

Ойтаразы

Әйел — қырық шырақты

Қазақ халқы қашанда қыздарды, әйелдерді жоғары бағалаған. Әйел адам әрқашан, әр кезде ер адамдардың ақылшысы, балалардың тәрбиешісі болып танылған. Әйел туралы көптеген қанатты сөздер баршылық. Бүгінде ер-азаматтың қолынан келген істі әйелдердің де еңсере алатынына көптің көзі жеткен. Тіпті қатардан озып, алдыңғы шепке шыққандар да баршылық.



Бүгінгі қоғамдағы саланың қай-қайсысында болсын, әйел қолының таңбасы барына сүйсінесің. Әлбетте бұл — жаңа заманның тың талаптарының көрінісі. Әйелдердің қабілеті мен қарымы, ой-өрісі мен іскерлігі, еңбекқорлығы мен таланты қашаннан жоғары бағаланады. Бала тәрбиесімен қатар өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарып жүрген әйелдер қоғамда көптеп кездеседі. Сол себепті «әйел — қырық шырақты» саналады.

Қай істі болсын ұршықша иіріп әклетін әйелдердің тындырымдылығы, тиянақтылығы мен ұқыптылығы өз алдына, жаңа заманға бейімділігі мен ізденіштігі де қадірін еселей түскендей. Нәзікқандылардың іскерлігі өздері қолға алған істен көрініс табады. Олар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, өркениетті ел болуы жолында еңбек етіп, Қазақстанның өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосып жүр. Өзіміздің ауданда да әртүрлі кәсіп көзін ашып, зор еңбекпен ел ықыласына бөленіп отырған аналар аз емес.

«Қыздың қырық шырағы бар, әйел — қырық жанды» дейтін сөздердің астарында терең мән-мағына жатыр. Әйел адамның мойнына артылған жүк ауыр екенін осыдан-ақ байқауға болады. Оның болмысына сай тұрмыстың қандайына болса да тезуіне тура келеді. Олар күш жағынан әлсіз болғанымен, ішкі жан дүниесі мен жүйкесі мықты. Әйелдің ғұмырын

бойына сіңіріп, атына сай болуы үшін де дүниеге бала әкеліп, оны өсіру үшін, тұрмыс тауқыметіне төзу үшін әйелге қырық жанның керек болатыны сондықтан. Әйел адам қанша жерден нәзік, әлсіз болғанымен, ер адамдарға қарағанда әлдеқайда төзімдірек келеді. Нәзік жанның басына түскен ауыртпалықтарды жеңуі оның ішкі күшінен хабар береді. Бір жағынан алып қарасақ, ол әйел адамның ішінде жатқан сезімін білдіре алу қабілетінен болар. Себебі бәрімізге белгілі көбінесе ер адамдар ішкі сезімін білдіре алмайды, мұңын, ренішін өзгеге толықтай айтып, керек жерінде көз жасын төгіп жібермейді, ал күйзелісін, уайымын іште қалдырғаны оның көңіл күйіне, денсаулығына әсер ететіні сөзсіз.

Ал әйелдің қырық айласы — өмірде таптырмайтын қару. «Әлем менікі» деген әйгілі Шыңғыс хан, француз қолбасшысы Наполеон, Римнің әскери қолбасшысы Цезарь сынды нас жауынгер батырлар әйелдерінің де ақылына жүгініп отыруды ерсі көрмеген. Негізінде әйелдер ақылымен озық, жүрегімен

батыл істе өжет келеді. Тату-тәтті қазақ отбасыларында өскен қыз балалар бабаларымыздан дарыған асыл қасиеттердің арқасында ақылды да көрікті болып өсіп келеді. Талапшылдықтың нәтижесінде қандай істі қолға алса да тиянақты етіп атқарады. Балалық шақта алған жақсы тәлім-тәрбие өмірлік азық болары хақ. Ас ішерде тазалықты, киім киерде тиянақтылықты, әңгіме тыңдауда зейінділікті, жүріп-тұруда ұқыптылықты ең алдымен әйел заты бақылап отыратыны шындық. Балалары ақылды, алғыр, жауапкершілігі мол болып өссе, әйел қашанда олардың қуанышты келбетінен қуат алып, өзін сергек сезінеді.

Бүгінгі әйел билік басында еркекпен иық тірестіріп жұмыс істеп жүр. Олар — ана, олар — жар, олар — қыз, олар — келін. Қызметтен де басқа қоғамдағы орындары бар. Ең бастысы, әйел — қоғамның тең құқылы мүшесі. Ерлердің ісі болып есептелетін сала дала әйелдердің саны артып келе жатқанын кім де болса мойындайды. Әйел көлікті де жүргізе алады, ұшақты да басқарады. Саясат пен

Г.БАЙКЕНЖЕЕВА,
аудандық соттың
жетекші маманы



Елірткіш сусынға еріксіз байландық па?

Бүгінде бала да, ересектер де энергетикалық сусындарға үйір болған. Адам ағзасына зиян екенін білсек те, дүкенге кіре салысымен «Dizzy», «Gorilla», «Redbull» сусындары орналасқан сереге қарай ұмтыламыз. Әрине мұндай әрекетімізге себеп бар. Энергетикалық сусындар көңіл-күйді көтеріп, ой әрекетін жақсартатын көрінеді. Онымен қоса әркім өз қажеттіліктеріне, жағымды дәміне орай сусынның әртүрлісін таба алады. Энергетикалық сусындардың кейбірі кофеинге негізделсе, екіншісі дәрумендер мен көмірсулардан құралған. Кофеинге негізделген сусындар түнде жұмыс істейтін, ұйқысы қанбаған студенттер мен қызметкерлерге таптырмас дүние болса, ал дәруменді-көмірсулы сусындарды бос уақытын спорт залда өткізгісі келетін белсенді адамдар жиі пайдаланады екен. Бір шыны кофеңің әсері 1-2 сағат сақталса, ал энергетикалық сусынның әсері 3-4 сағатқа дейін созылады. Иә, бұл сусынның мұндай артықшылықтары мен дүкендерде еркін сатылуы денсаулыққа алаңдамауға болатындай әсер беретіні рас. Сол себепті осы мәселе төңірегін зерделеп көрдік...

Қант диабеті 31 пайызға өскен

Диетолог мамандар тарапынан энергетикалық сусындарды белгіленген мөлшерлемеге сай тұтыну қатаң талап етіледі. Өйткені күніне 2 құтыдан артық тұтыну адам ағзасына зиян. Мөлшерден асыру – қан қысымының немесе қан құрамындағы қант деңгейінің көтерілуіне әкеп соғуы мүмкін. Бұл сусынның қарапайым шырын емес екенін осыдан-ақ байқауға болатын секілді.

Мамандар «энергетикалық сусындар ағзаны энергиямен қамтамасыз етеді» деген тұжырым дәлелсіз деп жоққа шығарған. Сусында ешқандай энергия жоқ, ол тек энергия қоздырушысы, яғни біз өз энергия қорымызды пайдаланамыз, қысқаша айтқанда, энергияны өзімізден қарызға ала тұрамыз. Алайда ерте ме, кеш пе бұл қарызды шаршағандық, ұйқысыздық, ашушандық түріндегі пайызбен қайтаруға тура келеді.

Статистикаға сүйенсек, қазіргі таңда елімізде құрамында қанты көп сусындарды тұтынудың салдарынан қант диабеті, семіздік және жүрек-қан тамыры секілді аурулар көбейіп барады. Мәселен, тек қант диабетіне шалдыққандардың саны соңғы 5 жылда 31 пайызға өсіп, 400 мыңға жуықтаған. Егер бұлай жалғаса берсе, мамандар 2030 жылға қарай науқас саны 1 млн-дан асады деп болжауда.

Сорақысы, бұл тәтті суларды көп тұтынудың салдарынан балалар арасында тіс ауруы, семіздік белен алуа. Сондай-ақ халықтың 20 пайызы артық салмақпен күресіп өлеңке түссе, елдегі 6 млн баланың 3,2 пайызы семіздікке шалдыққан. Соңғы 5 жылда жүрек-қан тамырлары аурулары 16 пайызға өскен. Ал оны үнемі ішетін 25 жастағы жігіт үш жылдан кейін белсіздікке шалдығуы әбден ықтимал.

Жасөспірімдердің 43,2 пайызы тәуелді

Кейбір мәліметтерге сүйенсек, өлемнің 70 елінде энергетикалық сусындардың жылына 1 млрд қалбыры сатылады екен. Бұның қаншасы Қазақстан нарығының үлесінде екенін тап басып айту қиын. Мәселен, 1-2 жыл бұрын жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, елімізде 11 мен 15 жас аралығындағы жасөспірімдердің 43,2

пайызы бұл сусынды ішкен болып шықты. Ал 22,5 пайызының жүйелі түрде немесе аптасына 1-2 рет ішіп тұратыны анықталған.

Құрамында қоспаның 10-15 зиянды түрі бар

Диетолог мамандардың айтуынша, әдетте олардың құрамында 10-15 шақты қоспа болады. Олар – глюкоза, матеин, мелатонин, таурин, гуарана, карнитин, кофеин, жөңышья, рибоза, инозит. Бұларға қоса В тобының дәрумендері кездеседі. Олардың әрқайсысы ағзаға қуат береді. Соның ішіндегі гуарана, жөңышья шөп қосындыларының ешқандай зияны да, пайдасы да жоқ. Бір қызығы, сусын ыдысы сыртындағы оның пайдасы туралы жазбасы сәндік үшін жазылған екен. Өйткені энергетикалық сусындардың құрамындағы дәрумендер мультидәруменді кешенді алмастыра алмайды.

Жеке-жеке тоқталсақ, сусын құрамындағы кофеин – түссіз және ақ түсті келетін ащы кристалдар. Психикаға қатты әсер еткендіктен, сұйықтыққа тәуелділік туындатады. Сол себепті бір ішкен соң қайта-қайта өзіне баурап тұрады. Кофеиннің мөлшері неғұрлым көп болған сайын, соғұрлым жүйке белсенді жұмыс істей бастайды. Бірақ сусынның әсері бойыныздан кеткеннен кейін, тез шаршайсыз. Алкогольмен бірге энергетикалық сусынды ішетін болсаңыз, бауыр мен ұйқы безі ауырады. Айналып келгенде панкреатит ауруына шалдығу қаупі артады. Сусынның құрамындағы тауринге тоқталар болсақ, аминқышқыл болғандықтан, жүректі белсендірек жұмыс істетеді. Ағзадағы қажетсіз заттардың алмасуы жүрек бұлшықеттерінің жұмысына кері әсер етеді. Салдарынан жүрекке зақым келуі мүмкін.

Сусын құрамындағы L-карнитин – аминқышқыл ағзадағы бір жүйке талшығынан екіншісіне импульстарды тезірек беруге көмектеседі. Шаршағанды басып, төзімділік орнатады. Сусын құрамында оның мөлшері тым аз болғандықтан, әсері біліне қылмайды. Ал матеин аш болсаңыз, тоқтық әсер береді. Глюкоза денеге тез және жеңіл сіңетін қанттың түрі болғандықтан, адам ағзасында зат алмасу процесіне қатысады. Негізгі бөлігі энергия қоры ретінде жұмсалады. Сондай-ақ сусын құрамында аз мөлшерде көмірқышқыл газы да бар. Осылардың барлығы қосылып, адамға 3-4 сағатқа дейін

белсенді болып жүруіне көмектеседі. Мұның бәрі уақытша, бірақ түбінде оның адам денсаулығына айтарлықтай зиянын білген дұрыс.

Энергетикалық сусын қай мақсатта жасалған?

Кейбір деректерге сүйенсек, энергетикалық сусындарды XX ғасырдың 60 жылдары АҚШ-тың Қорғаныс министрлігі әзірлеген. Вьетнамда соғысқан американдық жауынгерлердің моральдық және әскери рухын ынталандыру үшін жасалған. Алайда осындай сусындарды тұрақты пайдаланудың нәтижесінде жауынгерлердің арасында бас ауруы, ми ісігі, бауыр ауруы сынды тосын оқиғалар көбейіп кеткен. Мұның салдарынан сексенген Пентагон сусындарды әскерлерге беруге тыйым салуға мәжбүр болған.

Әлем елдері дабыл қағуда

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының тамақ өнімдеріндегі қант пен тұздың құрамы 5 пайыздан аспауы жөніндегі қаулысы қатаң орындалуы тиіс. Бүгінде әлемде зиянды тағамға қосымша салық салу тәжірибесі айтарлықтай кең тараған. Соңғы 10 жылда мұндай салық Дания, Норвегия, Франция, Венгрия, Мексика, АҚШ және тағы басқа елдерде бар. Осы салық түрі енгізілген елдерде өндірушілер мен сатушылардың 70 пайызы зиянды және қосымша салық салынатын өнімдерді қысқартқан.

Қазақ тағамтану есебінше, тұтынылатын кофеиннің бір күндік мөлшері 150 мл болуы тиіс, ал энергетикалық сусындарда ол 400 мл-ға дейін жетеді. Бүгінде энергетикалық сусындардың зияндылығына қатысты мәселе көтеріп жүрген ел тек Қазақстан емес. Бұл сусындардың зиянды жақтарын анықтай келе Австралия, Жаңа Зеландия, оның артынша Дания мен Норвегия өз нарықтарында оларды сатуға да, ішуге де қатаң тыйым салған. Ресей де осы бағытта жұмыс жүргізіп жатыр. Қазіргі таңда ресейлік мамандар елде энергетикалық сусындар жастар арасында инсульттің көбеюіне ықпал етіп отырғанын айтып, дабыл қағуда. Ресей медицина ғылымдары академиясы Тағамтану институтының мәліметінше, энергетикалық сусындардың құрамындағы кофеин мен таурин ағ-

заның энергетикалық қорын пайдаланады. Сондай-ақ кейінгі кездері өнім өндірушілер алкоголь мен аталған сусындардың қоспасын шығаратын болған, ал кофеин мен зерттеуші алкогольмен әрекеттестігі әлі зерттелмеген.

Өндірушілерге қосымша салық салынады

Бір қызығы, билік пен қоғам бұл өнімдердің зиянын мойындай тұра, өндіруге тыйым салу түрлі оларды сатуға шектеу қоя алмай отыр. «Бұл өнімге біз тыйым сала алмаймыз, себебі олар қазір нарыққа шығып кетті. Егер біз бұл өнімдерге тыйым салатын болсақ, онда тәтті сусындарға, салқын-датылған шөй және басқа да көптеген шырындарға тыйым салу қажет» дейді тамақ өнімдерінің сапасын және қауіпсіздігін бақылау зертханасының мамандары.

Жыл басында депутат Дәулет Тұрлыханов бір ішсең, іше бергің келетін энергетикалық сусындардың елімізде емін-еркін сатылып жатқанын сыңа алып, дабыл қаққан болатын. Бұл мәселе жөнінде тиісті орындарға тапсырма да берілді. Мәселен, халық қалаулылары Үкіметке зиянды тағамдарға, яғни қанты көп энергетикалық түрлі сусындарға қоғам денсаулығын қолдауға арналған қосымша салық салуды ұсынды.

Осы орайда Үкімет құрамында қанты көп алкогольсіз сусындарға акциз салу мәселесін жыл соңына дейін шешуді қолға алған. Үкімет бұл салықты енгізу туралы мәселені сонау 2021 жылы көтерген. Министрліктің айтуынша, Үкімет бұл төлемнің экономикаға әсерін өлі де егжей-тегжейлі зерттейтін болады.

Еске салсақ, 2021 жылы «Дәні сау ұлт» ұлттық жобасы мақұлданды. Жоба былтырдан бастап құрамында қанты көп сусындарға 20 пайыз мөлшерінде акциз енгізуді, биыл 35 пайыз, келер жылы 45 пайызға арттыру қамтыған. Алайда тәтті сусындарды өндірушілер осы акцизді төлеуге еш ниетті емес көрінді. Қазақстанның алкогольсіз сусын өндірушілер қауымдастығы «Акциз енгізу орта және шағын кәсіпкерліктің жабылуы, жұмыс орындары мен салықтың қысқаруына әкеледі» деп дабыл қағуда.

Түйін. Қалай десек те энергетикалық сусындардың адам ағзасына аса зиянды екенін мамандардың жоғарыда келтірген деректерінен байқаймыз. Ал мұндай сусындардың ел нарығындағы болашақ тағдыры тиісті орындардың қолында деп ойлаймын. Сондықтан елімізде энергетикалық сусындардың өндіруге де, сатуға да тыйым салынғаны дұрыс. Шектеу болмаған күннің өзінде қоғам бүл өнімнен өз өркімен бас тартқан дұрыс. Біздікі тек ой салу. Шешім тұтынушылардың өз еркінде.

Жандос ЖАЗКЕН

Семинар

313 тұлғаға әкімшілік айыппұл салынған

Сәрсенбіде облыс бойынша тексеру комиссиясымен «Бюджет қаражатын басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру» тақырыбында аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетовтың төрағалығымен семинар-кеңес өтті. Оған облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті, облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының және аудандық қазынашылық басқарма өкілдері, аудан бойынша барлық саланың есепші мамандары мен БАҚ өкілдері қатысты.



Кеңестің мақсаты мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде қаржылық бұзушылықтардың алдын алу, қаржылық тәртіпті нығайту және бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады. Күн тәртібіне сәйкес мемлекеттік аудит, қазынашылық органдардың, мемлекеттік сатып алу саласының өкілдері баяндама жасады. Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің жоспарлау, талдау, есептілік және сапа бақылау бөлімінің басшысы Жеңіс Қалиев ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері туралы, жиі орын алатын бұзушылықтар мен оның себептерін айтты. Ал мемлекеттік аудит объектілерін бюджет қаражатымен жұмыс жасау барысында бюджет заңнамасы талаптары мен ұстанымдарын қатаң сақтауға шақырды.

Кеңесте облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің камералдық бақылау бөлімінің басшысы Сәдір Ержанұлы камералдық бақылау жұмыстары және мемлекеттік сатып алу бойынша жиі орын алатын заң бұзушылықтар жайын кеңінен тарқатты. Ол тапсырыс берушілер мен ұйымдастырушылар тарапынан мемлекеттік сатып алудың заңнама талаптарын қатаң сақтауға, заң бұзушылықтарға жол бермеуге шаралар қабылдауға шақырды.

Айта кетейік, өткен жылы облыстық тексеру комиссиясының қадағалауымен 21 аудиторлық іс-шара бойынша 157 аудит объектісі тексерілген. Оның ішінде 60-ы – қосымша тексеру. Аудитпен қамтылған қаражат – 191,2 млрд теңгені құраса, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты – 35,8 млрд теңге, ал жергілікті бюджет қаражаты – 155,4 млрд теңге.

Мемлекеттік аудит нәтижесімен жалпы 37,7 млрд теңгенің бұзушылықтары анықталған, оның ішінде қаржылық бұзушылықтарға қатысты 4,8 млрд теңге – тиімсіз пайдаланылған бюджет қаржысы, мемлекет активтер бойынша 8,1 млрд теңге болса, тиімсіз жоспарланғаны 24,8 млрд теңгені құрады.

Тексеру барысында білім, денсаулық салалары секілді аудандық бөлімдер және басқа да салалар қамтылған. Орын алған заң бұзушылықтар бойынша сот, уәкілетті органдарға негізін қарау үшін 1 114 әкімшілік материал жолданып, 313 тұлғаға 32,1 млн теңге әкімшілік айыппұл салынса, 753-іне ескерту түріндегі әкімшілік жаза қолданылған.

Жол берілген бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша 90 нұсқама қабылданып, тиісті мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарға 207 тапсырма мен ұсыныс берілген. Ал биыл 24 аудиторлық іс-шара бойынша 140 аудит объектісі қамтылады. Оның ішінде білім, денсаулық, спорт салаларын және квазимемлекеттік сектор субъектілері тексеріледі.

Семинар соңында есепші мамандарды арнайы курстардан оқытып, біліктілігін арттырып отыру бойынша мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор басшыларына ұсынылды.

Сезім НҰР

